



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
М.Н. Ергешбаевқа

2023 жылғы 24 мамырдағы
№ ДС-182 депутаттық сауалға

Құрметті Мұрат Нәлқожаұлы!

Сіздің «Ы. Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС 2023 жылы базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесіне енгізуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Қазіргі уақытта Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми – техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы бұйрықтың жобасын (бұдан әрі – бұйрық жобасы) әзірледі.

Бұйрықтың жобасы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша үшінші тұлға (бірлесіп орындаушылар) ретінде жұмыстарды орындай отырып, соңғы бес жыл ішінде үздіксіз базалық қаржыландыруды алатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесіне енгізуді көздейді.

Осылайша, «И. Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС 2023 жылы базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесіне енгізілу көзделуде.

Е. Жамаубаев

Орын. А. Тоқтарова
75-00-33